"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 01-12-4007
03 11 2025

Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің 2025 жыл 20 қазандағы №01-03/1109 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша: 6 бет тіркеледі.

Басшының м.а. **Б.Самылтыров**

Орындаған: А.Кариева

Scanner App Lite

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 01-03/1409
20. 10 .25.

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасының
аудандар мен Тараз қалалық
білім бөлімдерінің басшыларына

Білім басқармасына
қарасты мекемелердің
директорларына

Облыстық оқу-әдістемелік орталығы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жас ұрпақтың вейптің денсаулыққа зияны туралы хабардарлығын арттыру мақсатында «Вейпсіз жастық шақ» атты республикалық эссе байқауы өтетіндігі туралы хабарлайды.

Республикалық байқауға негізгі және орта білім беру ұйымдарының 11-17 жастағы *(18 жасқа дейінгі)* білім алушылары жас санаттары бойынша қатыса алады *(орта жас тобы бойынша 11-13 жас, ересек жас тобы бойынша 14-17 жас)*.

Байқау жұмыстары 2025 жылғы 13 қарашаға дейін **concursdud@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Ескерту: Байқауға **2025 жылғы 13 қараша сағат 18:00-ден кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген Байқау материалдары қарастырылмайды.

Қосымша: 6 парақта.

Басшының орынбасары **АНарегеева**

А.Нурмолдаева
87479306557

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 7012
20 10 25

Сканировано с CamScanner

Scanner App Lite

«Вейпсіз жастық шақ» республикалық эссе байқауын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. «Вейпсіз жастық шақ» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережелері өткізудің мақсатын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты: жас ұрпақ арасында вейптің денсаулыққа зияны туралы хабардар болуды арттыру.

Байқаудың міндеттері:

1) оқушыларда сыни тұрғыдан ойлауды және өз көзқарасын дәлелді түрде айтуды қалыптастыру;

2) шығармашылық қабілеттер мен эссе жазу дағдыларын дамытуды қалыптастыру;

3) жастар арасында вейп проблемасын талқылау үшін жағдайлар жасау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК қашықтық форматта өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2025 жылғы 13 қараша аралығында **concursdud@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Байқауға **2025 жылғы 13 қараша сағат 18:00-ден кейін** түскен және Ережеге сәйкес келмеген Байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар, қатысушылардың сертификаттары www.ziyatker.org сайтына **2025 жылғы 28 қарашада** орналастырылады.

6. Ұйымдастырушылар Байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқылы. Ұйымдастырушылар байқаудың әлеуетті қатысушыларын өткізу мен қорытындыларды сайтта орналастыру мерзімдерінің өзгеруі туралы хабардар етеді.

3. Қатысушылар және Байқау талаптары

7. Байқауға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беру ұйымдарының 11-17 жастағы (18 жасқа дейінгі) білім алушылары жас санаттары бойынша қатысады:

1) орта жас тобы: 11-13 жас;

2) ересек жас тобы: 14-17 жас.

Scanner App Lite

8. Эссе жастар арасындағы вейпинг мәселесіне арналуы тиіс. Қатысушылар келесі аспектілерді ашады:

- вейптің денсаулыққа зияны;
- жасөспірімдердің таңдауына жарнама мен маркетингтің әсері;
- вейп тұтынудың әлеуметтік салдары;
- вейпингтің алдын алудағы отбасы мен мектептің рөлі;
- вейпинг проблемасын шешу бойынша ұсыныстар.

9. Тек қазақ немесе орыс тілдеріндегі жеке жұмыстар қабылданады, топтық жұмыстар қабылданбайды. Байқаудың бір қатысушысына бір ғана жетекші болуы мүмкін.

Байқаудың бір қатысушысының өтінімі және байқау материалдары бір папкада жіберілуі керек. Егер жетекшінің Байқауға бірнеше қатысушысы болса, өтінім әрқайсысына жеке толтырылады, ал әр қатысушының материалдары бөлек папкамен жіберіледі.

10. Басқа біреудің материалдары және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешбір сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

11. Байқауға басқа байқауларға қатыспаған жұмыстар қабылданады.

12. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

1) тақырыптың ашылуы;
2) жұмыстың көркемдік деңгейі;
3) ойлау бірегейлігі;
4) автор идеясының өзіндік ерекшелігі.

13. Эссе көлемі:

- орта жас тобы: 11-13 жас; А4 форматындағы 1 бет;
- үлкен жас тобы: 14-17 жас; А4 форматындағы 2 бет;
- қаріп: Times New Roman, өлшемі 14, аралық 1,5.
- өрістер: жоғары, төменгі, сол жақ, оң жақ – 2 см.
- жұмыс ұқыпты және сауатты түрде жасалуы керек.

Жоғарғы оң жақ бұрышта автордың тегі, аты, әкесінің аты, сыныбы, білім беру ұйымының атауы көрсетіледі.

4. Байқау қорытындысын шығару

14. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды жас санаттары бойынша анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, қатысушыларға сертификаттар беріледі.

16. Байқау ақылы түрде өткізіледі. Конкурсқа қатысу үшін 1000 (мың) теңге жарна енгізу қажет. Төлем: 1) банктің немесе Қазпоштаның кез келген бөлімшелерінде мынадай деректемелер бойынша жүргізіледі: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент - 19). БСН 990140004733 ЖСК KZ918560000005068448

Scanner App Lite

БСК KCJBKZKX Кбе 16 төлем тағайындау коды: 859. «Банк Центр Кредит» АҚ Төлемнің мақсаты: «Астана-арман қала» конкурсы. Конкурсқа қатысушының тегін көрсету қажет (жөнелтуші: резидент - 19). 2) арқылы Kaspi.kz: 1) тіркеу Kaspi.kz; 2) «төлемдер» бөлімі; 3) «білім беру»; 4) «мектептер»;

5) Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (Астана қ., Кенесары к-сі, 40); 6) қатысушының деректерін және төлем сомасын енгізсін; 7) сынып бағанында кез келген санды жазсын; 8) кезең бағанында маусым жазсын; 9) таңдау төлем тәсілі (Kaspi gold, Kaspi депозит, Kaspi әмиян, несие картасы; 10) төлеу.

17. Дипломдардың, сертификаттардың, алғыс хаттардың электрондық нұсқалары автоматты жүктеу мүмкіндігімен www.ziyatker.org. сайтқа жүктеледі.

Анықтама телефоны: 8 7778331111.

Ережеге қосымша

«Вейпсіз жастық шақ» республикалық эссе байқауына қашықтан қатысу туралы өтінім

№	Қатысушының толық аты-жөні, жасы	Облыс / қала / аудан, телефон номері, электронды пошта	Білім беру ұйымы, сыныбы	Эссе тақырыбы	Жетекшінің толық аты-жөні, телефон номері

Scanner App Lite